

ұлттық идея, тарих, тарихи сана және ұлттық идеология жатыр. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлік мәселесі ұлттың болашағын, қоғамның тұрақтылығын, тұтастығын айқындайтын дүние, маңызды құрал болып отыр. Құрал дейтініміз дәстүрлі қазақ қоғамының рухани өмірінде, бұл мәселеге кез келген отбасы, жеке адам, ата-ана болып көңіл бөлген. Ұлттық бірегейлікті негізге алған ұрпақты елдікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде қоғамдағы әр отбасы өзіне тиесілі жауапкершілікті сақтаған. Соның нәтижесінде ұлттық санасы мен рухы күшті адамдар қоғам алдына шығып отырды, ұлт ісіне жұмылуда ұлт зиялыларының биік шоғыры қалыптасты.

Елбасы мақалада атап көрсеткендей, «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс». Шынымен де, ұлттық бірегейлікті сақтау, осы дәстүрмен өмір сүру (қоғамның өмір сүруі) жеке адамнан бастап қоғаммен жалғасып отыратын, сол деңгейде көрінетін мәдени жетістік болып саналады. Ұлттық бірегейліктің негізінде ұлттың қасиеттерін айқындап отыратын дүниелер сақталып отырады. Қоғамға қажетті дүниелер ғана халықтың зердесімен қабылданады. Қоғамның игілігіне қайшы келетін дүниелер ел дәстүрі тарапынан қабылданбай жатады. Ұлттық бірегейліктің негізіне жеке адам мен ұлттың рухын біріктіре түсетін ақыл-парасаттылық, сезімталдық, зеректік сынды рухани қасиет үлгілері жатады. Өткенге құрметпен, болашаққа биік зердемен қарайтын ұрпақ ұлттық бірегейлігі күшті ортадан шығатындығын тарихымыз да, бүгінгі уақыттың шыныдығымен қатар көрініп отырған уақыттың талабы да дәлелдеуде.

Пайдаланған әдебиеттер:

4. Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 28.01.2011 жыл
5. «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау» (2000).

Астрахан хандығының құрылуының тарихнамалық мәселесі

Сартаев Рауан Нуржанович

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А. Күзембайұлы

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Астрахан хандығы – ортағасырлық ұлы империялардың бірі – Жошы ұлысының ыдырауы нәтижесінде құрылған мемлекеттердің бірі. Еділдің төменгі ағысында жарты ғасырдан астам уақыт өмір сүрген Астрахан хандығы Алтын Ордадан бөлініп шыққан Қазан, Қырым, Сібір хандықтары, Ноғай Ордасы мен Ақ Орда сияқты мемлекеттермен көп ұқсастықтары болды. Мемлекеттік құрылым мен басқару дәстүрлері, дін мен мәдениет аталған мемлекеттердің барлығына ортақ болып, бұл мемлекеттер этникалық және тілі жағынан бір-біріне жақын еді. Тіпті, қазіргі күннің өзінде Ресейдің Астрахан облысында тұратын біздің қандастарымыз, туысқандарымыз аз емес. Сол себепті бұл елдің тарихы біздің тарихымызбен де өте тығыз байланысты. Алайда, әрине, олардың әрқайсысында өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Шаруашылық-экономикалық құрылымына, өмір сүру салтына, халықтың құрамына қатысты ерекшеліктерін атап өткен жөн [1, 4 б.].

«Астрахан хандығының тарихына қызығушылық танытқан тарихшы Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған басқа татар мемлекеттерін зерттейтін тарихшыларға қарағанда қиынырақ жағдайда» [2, 28 б.]. Астрахан тарихы бойынша дереккөздердің өте аз болуы, тіпті, кейбір тарихшылардың «Еділдің төменгі ағысында бір кездері Астрахан хандығы шын мәнінде өмір сүргендігіне» күмән келтіруіне дейін алып келді. Олардың пірінше, «буржуазиялық тарихшылар орталықтандырылған Астрахан хандығын көріп, сипаттаған жерде іс жүзінде Батыс Еуропаның ганзалық қалалары сияқты бірқатар тәуелсіз сауда және өнеркәсіптік қалалар болды», ал Астрахан сөзінің астарында «тек бір қала ғана емес, Бату патшалығындағы салық төлейтін халықпен емес, еркін саудагердер классы мекен еткен барлық сауда қалалары» деп қарастырылды [3, 13 б.]. И. Черкасов XIX ғ. өзінің

«Исторический взгляд на древнее состояние Астраханского края» еңбегінде осындай қорытындыға келді, ал XX ғ. 20-жылдарында бұл көзқарасты Ф. П. Зыков қолдады.

Ресейлік және шетелдік тарихнамада Астрахан хандығының тарихына арналған жұмыстар жоқтың қасы. Тек Астрахан тарихының бірнеше қысқаша очерктерін, сондай-ақ шамамен жетпіс жыл бұрын жазылған М. Г. Сафарғалиевтің мақаласын, И. В. Зайцевтің еңбегін атауға болады. Осы жұмыстардың ішінен тек М. Г. Сафарғалиевтің мақаласы мен И. В. Зайцевтің еңбегі Астраханның жаулап алынуына дейінгі тарихына қатысты, ал басқалары толығымен 1550 жылдардағы оқиғаларды баяндауға арналған. Оған бірқатар себептер негіз болды.

Біріншіден, Алтын Орда мен посталтынордалық мемлекеттік құрылымдардың тарихын зерттеу КСРО-ның идеологиялық себептері бойынша өте танымал болған жоқ.

Екіншіден, дереккөздердің тым аз болуы Астрахан тарихын зерттеуді өте қиын іс қылды.

Үшіншіден, Астрахан хандығы Қазан және Қырыммен салыстырғанда әлдеқайда «әсерсіз» болғандай еді. Бірде-бір жарқын оқиға, бірде-бір қызықты тұлға, бірде-бір әдеби шығарма жоқ сияқты болып көрінді.

Өткен ғасырдың 90-жылдарында түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің қазіргі заманғы зерттеушілері Р. Г. Кузеев пен Ш. Ф. Мухамедьяров Еуразия даласының тарихын зерделеуде пәнаралық тәсілдің маңыздылығын, «соңғы жылдары байытылған дереккөздер корпусын» тартуды атап өтіп, «XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бірінші жартысы аралығындағы өңірдегі этнотарихи процестер ерекше назар аударуды талап ететініне» тоқталды және «осы орайда Қазан, Сібір, Астрахан хандықтарының, Ноғай Ордасының осы үлкен аймақтағы рөлімен байланысты саяси және этномәдени процестер мұқият зерттеуді қажет етеді...» деп айтқан [4, 52 б.].

Бір кездері біртұтас держава болған Жошы ұлысының ыдырауының және жаңа мемлекеттердің пайда болуының әлеуметтік-экономикалық, этномәдени және саяси себептері ресейлік және шетелдік авторлардың бірқатар еңбектерінде егжей-тегжейлі сипатталған. Ю. Е. Варваровскийдің айтуынша, «Жошы ұлысының саяси ыдырауы тіпті оның құрамдас бөліктеріне де тәуелді болған жоқ, өйткені бұл орталықсыздандырудың себептері өзіндік бастама болған жоқ, олар осы саяси құрылымның қалыптасуында бұрыннан бар жеке факторлардың гипертрофиясының салдары болды. Сондықтан XIV ғасырдың 60-70-ші жылдарындағы оқиғалар барысында бағдарламаланған Қазан, Қырым, Астрахан хандықтарының, Үлкен және Ноғай Ордасының контурлары XV ғасырдың бірінші жартысында тұрақты шекараларға айналады» [5, 22 б.].

Алтын Орда тарихының татар зерттеушісі М. Г. Сафарғалиевтің айтуынша, Астрахан хандығының құрылуы туралы мәселе «ұзақ уақыт бойы біздің тарихи әдебиетімізде дереккөздердің болмауына байланысты түсініксіз болып келді» [2, 512 б.]. Бұл сөздерді ғалым шамамен 50 жылдан астам уақыт бұрын жазған. Алайда, осы уақытқа дейін жағдай өзгерген жоқ: Астрахан хандығының ерте тарихы өте нашар зерттелген. Хандықтың құрылу уақыты, хандар билігінің нақты хронологиясы аяғына дейін белгісіз, Астрахан мемлекетінің ішкі саяси жүйесі және оның сыртқы саясатының ерекшеліктері зерттелмеген. Астрахан хандығының ерте тарихына арналған жұмыстар жоқ деуге де болады. Тек 1952 жылы жарияланған М. Г. Сафарғалиевтің жұмысын атауға болады, бірақ ол біздің біліміміздің қазіргі деңгейіне сәйкес келмейді.

Бұл жағдай Астрахан хандығының тарихын зерттеуді өте өзекті етеді. Біз осы тарихтың бір аспектісі: хандықтың пайда болу уақыты туралы мәселеге тоқталайық.

А. К. Марков Кіші Мұхаммед ханның астрахандық тиындарын хижра бойынша 831 жылы (1427-28 жж.) соғылған деп есептеді, алайда М. Г. Сафарғалиев А. К. Марковтың қолына ақауы бар тиын түсті деп тұжырымдады, себебі Кіші Мұхаммед хан аты дереккөздерде тек хижра бойынша 834 жылдан бастап кездеседі (1430-31 ж.) [1, 488 б.]. Қалай болғанда да, 1437 жылы Ұлық Мұхаммедпен соғыс жүргізіп жүрген Кіші Мұхаммед

Астрахан аймағынан батысқа қарай жылжып, онда шамамен 1433 жылдан бері болған болуы мүмкін [1, 31 б.].

Үлкен Орданың ханы Кіші Мұхаммед Алтын Орда ханы Темір-Құтлықтың немері болды. Астрахан Үлкен Орданың бөлігі ретінде оған 1459 жылы қайтыс болғанға дейін тиесілі болды [1, 31 б.].

Астрахан мемлекетінің тарихын арнайы зерттеумен алғашқылардың бірі болып Г. Ховорс айналысты. Ол «Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған мемлекеттер арасында Астрахан хандығы өзін Алтын Орданың тікелей мұрагері деп есептеуге құқығы болды. Шын мәнінде, бұл қазіргі Астрахан және Кавказ губернияларымен шектелген, территориясы едәуір азайып қалған Алтын Орда болды, бірақ ол сол текке жататын билеушілердің қол астында болып, Каспийдегі сауданы басқаруды қолдады және айтарлықтай деңгейде ноғалықтарға вассалдық тәуелділігін сақтап қалды. Кіші Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін оның екі ұлы Махмұд хан мен Ахмед хан Орданы өзара бөлісіп, Еділдің төменгі ағысы Махмұд ханның иелігі болуы әбден мүмкін». Астрахан хандығына қатысты барлық кейінгі ғылыми (және ғылыми емес) әдебиеттер, шын мәнінде, британдық шығыстанушының осы айтқан сөздерін әрі қарай дамыту (немесе қайталау) болды [1, 31-32 б.].

М. Г. Сафарғалиев өзінің мақалаларының бірінде 1459 жылды хандықтың құрылған күні деп атады, бірақ кейінгі жұмысында жаңа дереккөздерді қолдана отырып, ол 1459 жылды Астраханның үлкен Ордан бөлініп шығуына алып келген саяси дағдарыстың басталуы деп атады, ал хандықтың құрылған уақыты ретінде 1466 жылды көрсетті [2, 512 б.]. Сонымен қатар, М. Г. Сафарғалиевке дейін де 1466 жылды (хижра бойынша 871 жыл) хандықтың құрылған уақыты деп түркиялық «Ислам энциклопедиясында» шыққан «Астрахан» мақаласында Р. Р. Арат жазған. Ол 1490 жылға дейін билік еткен Махмұдтың ұлы Қасым ханды мемлекетінің негізін қалаушы деп санады, содан кейін таққа (1504 жылға дейін) інісі Әбіл-Керім отырды [1, 32 б.]. Қасым есімі хандықтың негізін қалаушы ретінде және 1466 жыл басқа (соның ішінде жалпылама және анықтамалық) басылымдарға берік енді.

Г. Газиз (Г. С. Губайдуллин) хандықтың құрылған жылын атамай «Алтын Орда әлсірей бастаған кезде оның вассалы - қала әмірі Астрахан хандығын құрды. Түріктер Босфорды басып алғаннан кейін қала толығымен Түркияның вассалы – Қырым хандығының иелігіне өтті» [6, 89 б.]. Осы тұжырымнан Г. Газиз хандықтың құрылуын 1453 жылға дейінгі уақытқа жатқызды деген қорытынды жасауға болады.

К. Данияровтың көзқарасы ерекше көзге түседі. «Қажы-Тархандағы» астанасымен Астрахан хандығы 1459-1460 жж. «қазіргі Қалмақстан территориясында» құрылды. XV ғ. соңында ол Қырым хандығына тәуелді болып қалды. Автор «1634 жылы Еділдің шығыс жағасына қалмақтар кенеттен басып кіргендіктен, сол жерді мекен еткен ноғайлар Астрахан хандығына көшті, осыған байланысты астрахан хандығы халқының саны күрт өсті» деп жазған. Хандық «бірнеше жыл ішінде» өмір сүруін тоқтатқан. «Жаңбыршы-хан соңғы хан болған» [7, 201 б.]. Бұл қандай хан екені жайлы автор ештеңе жазбаған. Көрініп тұрғандай, К. Данияров Астрахан хандығы XVII ғасырда да өмір сүрді деп есептеген.

Сондай-ақ, Астрахан хандығы XVI ғ. басында, Үлкен Орданы Қырым хандығы құлатқаннан кейін (1502) құрылды деп жазған В. Л. Егоровтың пікірін айтып өткен жөн. Бірақ бұл көзқарас, өкінішке орай, ешқалай дәленденбеген. Осыған қарамастан, В. Л. Егоровтың тұжырымдамасы Ресейдің «История Отечества» энциклопедиялық сөздігінде өзгеріссіз қайталанды және И. В. Кучумов пен Ф. А. Шакурованың П. И. Рычковтың «Топография Оренбургской губернии» еңбегін қайта басып шығаруына дерек көзі болды. Дәл сол уақытта мұндай тұжырымдар (дәлелденбеген) Ресей тарихы бойынша батыстық шығармаларда да пайда бола бастады [1, 35 б.].

Астрахан хандығы Үлкен Орда құлағаннан кейін пайда болды деген пікір алғаш рет XX ғ. басында айтылды, бірақ, өкінішке орай, бұл көзқарас елеусіз қалды. Көрнекті татар тарихшысы Г. Ахмеров «История Казани» (1910) еңбегінде хандықтың пайда болуын Меңлі-Керейдің жеңісінен кейін «Орда татарларының бір бөлігі Қазанға қосылды, ал екінші бөлігі

астанасы Астраханда орналасқан, маңыздылығы мен күші жағынан Қазаннан әлдеқайда төмен болған жеке шағын хандықты құрды». Алайда, Г. Ахмеров Үлкен Орданы XV ғасырдың соңында құлады деп ойлады, ал хандықты қалаға өз ханын қойған ноғайлар құрды деп санады. Г. В. Вернадский XV ғ. ортасында Алтын Орда үш жеке мемлекет – Қазан және Қырым хандықтары мен Үлкен Ордаға бөлінді деп санады. Ол Астраханды жеке саяси құрылым ретінде қарастырмаған болатын [1, 35 б.].

Жоғарыда айтылып кеткен сөздерді қорытындылайтын болсақ, отандық болсын, шетелдік болсын тарихнамада Астрахан хандығының тарихы әлі күнге дейін толықтай зерттелмеген. Сол себепті Астрахан хандығының тарихын зерттеу кәсіби тарихшылар үшін өзекті, қызықты тақырып болады деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Зайцев И. В. Астраханское ханство. Ин-т востоковедения РАН. – 2 изд. М.: Вост. лит., 2006. – 303 с.
2. Сафаргалиев М. Г. Распад Золотой Орды // На стыке континентов и цивилизаций... Из опыта образования и распада империй X- XVI вв. М., 1996. – 768 с.
3. Черкасов И. Исторический взгляд на древнее состояние Астраханского края. [Астрахань, б. г.]. - 20 с.
4. Кузеев Р. Г., Мухамедьяров Ш. Ф. Этногенез и этнокультурные связи народов Поволжья и Приуралья: проблемы и задачи // СТ. 1990, № 2.
5. Варваровский Ю. Е. Распад улуса Джучи в 60-70-е годы XIV века (по данным письменных источников и нумизматики). АКД. Казань, 1994. – 220 с.
6. Газиз Г. История татар. М., 1994. – 190 с.
7. Данияров К. Альтернативная история Улыса Жошы – Золотой Орды. Алматы, 1999. - 291 с.

Деятельность этнокультурных объединений Карагандинской области

Серик М.

Научный руководитель: к.и.н, доцент Елеуханова С.В.

Карагандинский университет им. Е. А. Букетова

Карагандинская область один из полиэтнических регионов Казахстана, в котором проживают представители свыше 100 этносов. Самыми многочисленными этносами являются казахи – 51,31% и русские – 35,83%. Самой быстро растущей этнической группой все годы независимости были и остаются казахи. Доля других этносов представлена следующим образом: украинцы – 2,98%, немцы – 2,34 %, татары – 2,24 %, корейцы – 0,95 %, белорусы – 0,8 %, чеченцы – 0,4 %, азербайджанцы – 0,35 %, узбеки – 0,32 %, башкиры – 0,28 %, поляки – 0,25 %, молдаване – 0,17 %, греки – 0,13 %, литовцы – 0,12 %, чувашы – 0,12 %, мордва – 0,11 %, другие этносы – 1,26 % [1].

Деятельность Ассамблеи народа Казахстана (АНК) Карагандинской области направлена на реализацию государственной этнополитики, обеспечение общественно-политической стабильности в Республике Казахстан и повышение эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений. В сферу её работы входит разносторонняя помощь этнокультурным объединениям, решение актуальных вопросов развития их языков, сохранения традиций и обычаев, воспитания молодежи в уважении к нашей богатейшей истории. Гармонизация общественных, в том числе межэтнических отношений, с первых дней независимости является стержнем всей внутренней политики Казахстана. Так, в в 1-й статье Конституции в числе основополагающих принципов деятельности нашего государства